Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссия отырысының

ХАТТАМАСЫ

Темір ауданы **№ 1** **4 мамыр 2023 жыл**

Күн тәртібінде:

1. Қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2023 жылдың 4 мамыр күні сағат ж.у. 10:00-де «Темір ауданының білім бөлімі» ММ базасында балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру талаптарына және конкурсқа қатысушылардың ұсынған өтініштерінің сәйкестігін тексеру мақсатында жиналған конкурстық комиссияның отырысы болып өтті.

Қатысқандар – 7, қатыспаған – 0

- конкурс комиссиясының төрағасы, білім бөлімінің басшысы А.Өсербаев;
- конкурс комиссиясының мүшесі, Темір аудандық Шұбаркұдық балалар музыка мектебінің директоры С.Жетенов;
- конкурс комиссиясының мүшесі, Темір аудандық көркемсурет мектебінің директоры М.Чирков;
- конкурс комиссиясының мүшесі, Темір аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы А.Сәлімгерей;
- конкурс комиссиясының мүшесі, аудандық білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Сабенова;
- конкурс комиссиясының мүшесі, Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасының Темір аудандық филиалының директоры А.Мырзағали;
- комиссия мүшесі, Темір аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ә.Қалмағанбетов;
- комиссия хатшысы, білім бөлімінің әдіскері Г.Ермағамбетова.

1. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін конкурсқа қатысушы ұйымдардың **«Darabala.kz»** порталы арқылы ұсынған өтінішін қарау бойынша конкурс комиссиясының төрағасы, Темір ауданының білім бөлімі басшысы А.Өсербаев отырысты ашты.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығы негізінде білім бөлімінің интернет сайтында конкурс талаптары және конкурс өткізілетіндігі туралы жарияланды. Нәтижесінде конкурсқа қатысушылар анықталып, Комиссиямен **«Darabala.kz»** порталы арқылы балаларға қосымша білім беруге өтініш берген жеке кәсіпкерлердің құжаттары қаралды.

Жарияланған қосымша білім берудің 4 бағыты бойынша өтініш түсірген кәсіпкерлер анықталды. Олар: **«ТОО Raiman», «ИП Тукенов», «ИП Интеллект», «ИП Еренбай», «ИП Онлайн»**.